



сенімді | надежное
сақтандыру | страхование

«МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

«КАСКО Optimum» АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІН КЕШЕНДІ САҚТАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 «КАСКО Optimum» автомобиль көлігін кешенді сақтандыру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама):
- «Автомобиль және өзге де көлік құралдарын ерікті сақтандыру қағидаларының», Директорлар Кеңесінің 31.10.2023 жылғы №02-01/27 Хаттамасы;
 - «Жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру қағидаларының», Директорлар кеңесінің 27.04.2023 жылғы №02-01/12 Хаттамасы.
 - «Автомобиль және өзге де көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру қағидаларының», Директорлар Кеңесінің 31.10.2023 жылғы №02-01/27 Хаттамасы, негізінде әзірленген.
- 1.2 Бағдарлама:
- автомобиль көлігін, атап айтқанда жеңіл және жүк көлік құралдарын, автобустарды/микроавтобустарды;
 - автомобиль көлігін иеленушілердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін (бұдан әрі – АКИ АҚЖ);
 - жазатайым оқиғалардан (бұдан әрі – ЖО) ерікті сақтандыру шарттары мен тәртібін анықтайды.
- 1.2.1 Бұл ретте жоғарыда көрсетілген барлық сақтандыру түрлері шеңберінде немесе олардың әртүрлі комбинацияларында немесе тек ерікті автомобильді сақтандыру шеңберінде ғана Сақтандыру шарттарын/Сақтандыру полистерін жасау қарастырылады. Сақтанушы сақтандырудың қандай да бір түрін сақтандыруға деген қажеттілікке қарай сақтандыру сыныптарының үйлесімін таңдауға құқылы.
- 1.3 Осы Бағдарламаның шарттары бойынша сақтандыруға келесі көлік құралдары (бұдан әрі – КҚ) қабылданбайды:
- Мотокөлік;
 - Арнайы құрылыс техникасы;
 - Ауыл шаруашылық техникасы;
 - Тіркемелер;
 - Такси/каршеринг/жолаушылар тасымалының (автобус парктері) қызметтерін ұсыну мақсатында қолданылатын, прокатқа, жалға берілетін, тест-драйв, жарыстар үшін қолданылатын, күзет агенттіктеріне тиесілі КҚ кез келген түрлері.

II. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1 1 секция (автомобиль көлігін ерікті сақтандыру): КҚ бүлінуімен, жойылуымен және/немесе жоғалуымен байланысты Сақтанушының/Пайда алушының мүлдіктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады;
- 2.2 2 секция (АКИ АҚЖ ерікті сақтандыру): Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру жағдайының нәтижесінде Шартта/ Полисте көрсетілген КҚ-ына, үшінші тұлғалардың (сақтандырылған КҚ болған жолаушыларды қоспағанда) өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және/немесе мүлкіне келтірілген залалды өтеу бойынша міндеттемелермен байланысты туындайтын Сақтанушының мүлдіктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады;
- 2.3 3 секция (ЖО-дан ерікті сақтандыру): Сақтандырылған орындар жүйесіне сәйкес жүргізушінің және/немесе жолаушылардың өміріне және денсаулығына және/немесе Жол-көлік оқиғасының (бұдан әрі – ЖКО) процесінде туындайтын сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде Шартта/Полисте көрсетілген көлік құралына зиян келтірумен байланысты Сақтанушының мүлдікті мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

III. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

- 3.1 Сақтандыру жағдайы – басталу ықтималдылығы мен кездейсоқтық белгілерін иеленетін, басталуымен Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті пайда болатын оқиға.
- 3.2 Осы Бағдарламаға сәйкес келесі сақтандыру жағдайлары сақтандыруға жатады:
- 1 секция: Сақтанушының/Сақтандырылушының кінәсінен болған ЖКО - КҚ-ның жүру бөлігінде қозғалу процесінде КҚ-ның үшінші тұлғаның/үшінші тұлғалардың бір немесе одан да көп КҚ-мен соқтығысуы нәтижесінде (бір және одан да көп КҚ механикалық байланысы) және осы соқтығысудың салдарынан орын алған оқиға;
 - 2 секция: сақтандырылған КҚ-да ЖКО-на жол берген Сақтандырылған тұлғаның азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі және осы ЖКО нәтижесінде үшінші тұлғалардың (сақтандырылған КҚ болған жолаушыларды қоспағанда) өміріне, денсаулығына және/немесе мүлкіне зиян келтіру;
 - 3 секция: Нәтижесінде сақтандырылған тұлғалар (оның ішінде жолаушылар) травматикалық жарақаттар алған және/немесе сақтандырылған көлік құралында болған сақтандырылған тұлғаларға бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектік белгіленген, немесе Сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы орын алған сақтандырылған КҚ-дағы ЖКО нәтижесінде болған жазатайым оқиға.

IV. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ШЕКТЕУЛЕРІ

- 4.1 1 секция бойынша барлық жағдайларда келесі себептерден, оқиғалардан немесе әрекеттерден тікелей немесе жанама туындаған залал өтелуге жатпайды:
- 1) Көлік құралын тиісті рұқсат санаты бар қолданыстағы жүргізуші куәлігі жоқ адам, сонымен қатар КҚ басқару құқығы Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көзделмеген адамның басқаруы;
 - 2) КҚ басқаратын адамның психобелсенді заттарды тұтыну және масаңдану жағдайы фактісінің расталуы;
 - 3) КҚ басқаратын сақтандырылған адамның ЖКО болған жерден кетіп қалуы;
 - 4) Сақтандырушыға Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жасасу, сақтандыру тәуекелі, ссақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы көрінеу жалған мәліметтер мен құжаттар ұсыну;
 - 5) Сақтанушының залал келтірген адамнан келтірілген залал үшін тиісті өтемақы алуы;
 - 6) Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі күшіне енгенге дейін немесе Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын/бірінші сақтандыру жарнасын төлегенге дейін сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы;
 - 7) Сақтандырушымен келіспей КҚ такси/каршеринг ретінде немесе немесе иеленуге, пайдалануға (прокат, жалға алу және т. б.) тапсыруда және/немесе жүргізуді үйрету мақсатында немесе жаттығу жарыстарына, сынақтарға немесе сынақ жарыстарына байланысты іс-шараларға қатысу үшін, экстремалды жүргізумен, сондай-ақ көлік құралын пайдалану үшін кез келген спорттық жарыстарға қатысу үшін пайдалану;
 - 8) жарылғыш заттарды немесе радиоактивті материалдарды тасымалдау, кез келген нысандағы радиацияның әсері.
- 4.2 Сақтандырушы 1 Секция бойынша төмендегілер үшін жауапкершілік көтермейді:
- 1) КҚ стандартты жабдығы болып табылмайтын мүлікке келтірілген залал үшін;
 - 2) Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін пайда болған залал үшін;
 - 3) Сақтанушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды ұсынбаған немесе Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің шарттарымен көзделген өзге де міндеттерді орындамаған залалдар;
 - 4) (эвакуатордың) көмегімен КҚ тасымалдау жағдайларын қоспағанда, оны сүйрету салдарынан КҚ келтірілген залал;
 - 5) моральдық зиян, алынбай қалған пайда, шығындар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы), тауар түрінің жоғалуы.
 - 6) КҚ пайдалану нәтижесінде, оның ішінде КҚ тежегіш жүйесінің, қозғалтқыштың істен шығуы, тораптардың, агрегаттардың, элементтердің/бөлшектердің немесе КҚ-да қосымша орнатылған өзге де заттардың өзара іс-қимылы салдарынан, КҚ-ның техникалық ақаулығы салдарынан болған залалдарды қоса алғанда, КҚ пайдалану нәтижесінде жекелеген тораптар мен бөлшектердің сынуы ,

істен шығуы салдарынан туындаған, оның ішінде агрегаттардың ішкі қуыстарына бөгде заттардың, нәрселердің, жануарлардың, құстардың, жаңбыр мен еріген судың (су соққысы және т. б.) түсуі салдарынан болған залал;

- 7) оқшаулаудың, оның ішінде қысқа тұйықталудың: орамадағы тұйықталудың, корпусқа тұйықталудың бұзылуы нәтижесінде келтірілген залал; байланыстың жеткіліксіздігі; өлшеу, реттеу аспаптары мен газдың ағуы, қозғалтқышты газ тәріздес отынмен (ГТО) қуаттаға арналған жабдықтың герметикаланбауы нәтижесінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін аспаптарының істен шығуы;
- 8) табиғи тозу мен пайдаланудың нәтижесінде КҚ және қосымша жабдықтар құнының төмендеуі салдарынан орын алған залал.

4.3 Егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан орын алса, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін жасаудан толығымен немесе ішінара бас тартуға құқылы:

- 1) қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының пайда болуына бағытталған немесе оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері;
- 2) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себеп-салдарлық байланысты болатын қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық болып танылған әрекеттері.

4.4 Егер сақтандыру жағдайы келесілердің салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың әсері;
- 2) әскери іс-қимылдар;
- 3) азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, бұқаралық тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер.

4.5 Сақтандырушы мемлекеттік органдардың өкімі бойынша сақтандырылған КҚ алып қою, тәркілеу, реквизициялау, тыйым салу немесе жою салдарынан туындайтын залалдар үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

4.6 Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін келесілер негіз болып табылады:

- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісін сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы;
- 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамауы;
- 3) Сақтанушының залал келтіргені үшін кінәлі адамнан залалдың тиісті өтемін алуы;
- 4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуге және ол келтірген залалдың мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;
- 5) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламауы;

4.7 2 Секция бойынша үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына зиян келтіру және/немесе мүлкіне залал келтіру сақтандырумен жабылмайды:

- 1) Жәбірленушінің қасақана әрекеттерінің нәтижесінде орын алса;
- 2) КҚ тиісті өкілеттіктері жоқ, немесе КҚ пайдалануға арналған құқығы Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көрсетілмеген адам басқарған кезде;
- 3) КҚ заңсыз иеленген адам басқарған кезде;
- 4) қозғалыста болмаған КҚ жануы нәтижесінде, сонымен қатар ҚР өртеу нәтижесінде;
- 5) КҚ жарылуы нәтижесінде, егер ол ЖКО орнында болмаса және оның салдары болып табылмаса, сонымен қатар КҚ жарылысының нәтижесінде;
- 6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес КҚ иесінің келтірілген зиян үшін жауапкершілігін болдырмайтын жағдайлар кезінде.
- 7) әскери іс-қимылдар, маневрлер немесе өзге де әскери іс-шаралар, азаматтық соғыс, кез келген түрдегі халық толқулары немесе ереуілдер; терроризм; уәкілетті органдардың өкімі бойынша КҚ тәркілеу, алып қою, реквизициялау, тыйым салу немесе жою салдарынан;

4.8 2 Секция бойынша келесілердің нәтижесінде үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтірген ЖКО сақтандыру жағдайы болып табылмайды:

- 1) Сақтанушының немесе Сақтанушымен еңбек/шарттық қатынастарда тұратын тұлғалардың қасақана әрекеттерінің нәтижесінде, сонымен қатар зиян келтірушінің кінәсі болмаған кезде Жәбірленушінің өрескел абайсыздығы нәтижесінде;
- 2) Сақтандырушымен жазбаша келісімсіз КҚ сынауларға, спорттық және оқыту мақсаттарында пайдалану кезінде;

- 3) КҚ заңды тұлғамен жасалған Шартта/Полисте көрсетілген тұлға қызметтік міндеттерін атқарумен байланысты емес мақсаттарда пайдаланған кезде;
 - 4) Сақтандырушымен алдын ала жазбаша келісімсіз КҚ өтеулі/өтеусіз пайдалануға (жалға беру, лизинг, прокат және т.б.) тапсыру салдарынан;
 - 5) Көлік құралын: правлении ТС лицом:
 - тиісті санатты басқару құқығына жүргізуші куәлігі болмаған
 - кез келген түрдегі алкогольдік, есірткілік немесе токсикологиялық масаң күйде болған немесе көлік құралдарын басқару кезінде қолдануға қарсы көрсетілімі бар медикаментозды препараттардың әсерінде болған тұлға басқарған кезде;
 - 6) егер КҚ жүргізуші ЖКО болған жерден қашып кетсе немесе медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтуден бас тартса;
 - 7) Сақтанушының КҚ пайдалану ережелерін бұзу нәтижесінде, оның ішінде техникалық жарамсыз КҚ, немесе белгіленген тәртіпте техникалық қарап-тексеруден өтпеген КҚ пайдалану, сонымен қатар өрт қауіпсіздігі ережелерін, өртке қауіпті және жараылысқа қауіпті заттар мен нәрмелерді тасымалдау және сақтау ережелерін, жүктерді тасымалдау кезінде қауіпсіздік талаптарын (Жол қозғалысы ережелеріне сәйкес) бұзу нәтижесінде;
 - 8) КҚ оның техникалық мақсатына сәйкес келмейтін мақсаттарда пайдалану.
- 4.9 3 Секция бойынша Сақтандырушы жауапкершілік көтермейді:
- 1) Шарт/Полис жасасу кезінде анықталатын сақтандыру аумағынан тыс келтірілген, Шартты/Полисті жасауға дейін орын алған зиянды өтеу туралы талаптар бойынша;
 - 2) моральдық зиянды, Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының жоғалған пайдасын, залалдарды (айыппұлдар, өсімпұлдар) өтеу туралы талаптар бойынша;
 - 3) өзіне қасақана дене жарақатын (жарақаттар) салумен байланысты Сақтандырылушының денсаулығына зиян келтіру немесе қайтыс болуы, сонымен қатар өзін және айналасындағы адамдарды негізсіз қауіп-қатерге ұшырату (қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда);
 - 4) Сақтанушының/Сақтандырылушының заңға қарсы әрекеттері, сонымен қатар Сақтанушының/Сақтандырылушының алкогольдік ішімдіктерді, есірткілік заттарды немесе басқа да еліткіш заттарды тұтынумен немесе дәрілік препараттарлы медициналық емес мақсаттарға қолданумен туындаған кез келген дәрежедегі масағдану жағдайындағы әрекеттері үшін;
 - 5) сақтандырылған КҚ пайдалана отырып, автожарыстармен және өзге де жарыстармен байланысты қауіпті іс-әрекеттердің кез келген нысандарын орындаумен байланысты Сақтандырылушының денсаулығына зиян келтіргені (денсаулығының нашарлауы, жарақаттануы) немесе қайтыс болуы үшін.
 - 6) Сақтандырылған көлік құралын жүргізген немесе тиісті санаттағы көлік құралын жүргізуге жүргізуші куәлігі жоқ адамға берген жағдайда Сақтанушының денсаулығына зиян (денсаулығының нашарлауы, жарақаттануы) немесе қайтыс болуы үшін
 - 7) Осы көлік құралын басқаруға рұқсат етілген Сақтанушылардың тізімінде көрсетілмеген тұлға сақтандырылған көлік құралын басқарған жағдайда Сақтанушының денсаулығына зиян келтіргені (денсаулығының нашарлауы, жарақаттануы) немесе қайтыс болуы үшін.

V. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ

- 5.1 Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының шекті жауапкершілік көлемін білдіретін ақша сомасы.
- 5.2 Шарт/Полис бойынша жалпы сақтандыру сомасы әрбір Секция бойынша жекелеген сақтандыру сомаларынан құралады.

VI. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ

- 6.1. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру шартымен/Сақтандыру полисімен анықталады және Сақтанушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуі тиіс ақша сомасын білдіреді.
- 6.2. Сақтандыру шартымен/Сақтандыру полисімен жалпы сақтандыру сыйлықақысы анықталады.
- 6.3. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу Сақтандырушының кассасына қолма-қол ақшамен немесе ақша қаражаттарын Сақтандырушының банктік шотына аудару жолымен жүргізіледі.
- 6.4. Сақтандыру сыйлықақысы бүкіл сақтандыру кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысы сомасының мөлшерінде біржолғы төлеммен төленеді.

VII. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН/САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІН ЖАСАУ ТӘРТІБІ.

САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ/САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

- 7.1 Сақтандыру шарты мүліктік құқығы тиісті құжаттармен расталатын заңды немесе жеке тұлғамен жасалады.
- 7.2 Сақтандыру шарты жазбаша нысанда жасалады:
- Сақтандырушыға жазбаша жүгіну және тараптармен сақтандыру шартын жасау жолымен;
 - Сақтанушыны осы Бағдарламаға қосу және Сақтандырушының Сақтанушыға Сақтандыру полисін беруі, қажет болған жағдайда Сақтандырылушыға Сақтандыру сертификатын беру жолымен.
- 7.3 Шарт/Полис сақтандыру сыйлықақысын төлеген күннен кейін 3 (үшінші) күнге әрекет етеді.
- 7.4 Сақтандыру шартының/полисін қолданылу мерзімі 12 (он екі) ай.
- 7.5 Сақтандыру шарты/полисі бірінші сақтандыру жағдайына дейін әрекет етеді.

VIII. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ БАР ОҚИҒА БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ТАРАПТАРДЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

- 8.1 1 Секция және 2 Секция бойынша сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде, Сақтанушы (Пайда алушы) міндетті:
- 1) КҚ сақтап қалу, залал қаупін азайту және қосымша зақымданудың пайда болуына ықпал ететін себептерді жою бойынша барлық ықтимал және мақсатқа сай шараларды қабылдауға;
 - 2) оқиға орнына апаттық комиссарды дереу шақыруға. Осы тармақпен көзделген міндеттер орындалмаған жағдайда, Сақтанушы осы міндеттік орындалуына кедергі келтіретін мән-жайлардың бар екендігінің құжаттамалық растамасын ұсынуы тиіс. Апаттық комиссар Сақтанушының/Сақтандырылушының психобелсенді затты қолдануына және/немесе масаңдану күйінде болуына күдіктенген жағдайда, тиісті медициналық мекемеде медициналық куәландырудан өтуді талап етуге құқылы. Сақтанушы/Сақтандырылушы апаттық комиссардың талап етуі бойынша медициналық куәландырудан өтуге міндетті. Сақтанушы/Сақтандырылушы медициналық куәландырудан өтуден бас тартқан кезде, апаттық комиссар әкімшілік полиция өкілдерін шақыруға құқылы. Апаттық комиссар Сақтанушыны/Сақтандырылушыны медициналық куәландыруға жіберген және оның медициналық куәландырудан өткені туралы қорытынды ұсынылмаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы. КҚ басқаратын тұлғаның мас емес жағдайда болу фактісін растайтын медициналық куәландыруға жұмсалған шығындарды Сақтандырушы көтереді. Апаттық комиссарды шақырмаған кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы. Апаттық комиссарды шақыру апаттық комиссардың хаттамасымен немесе мобильді оператордың сервис-орталығынан алынған қоңыраулардың анық-қанығымен (басып шығарумен) расталуы мүмкін.
 - 3) оқиға орнында Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы арыз, оқиғаның мән-жайларын сипаттау бөлігінде апаттық комиссардың Хаттамасын толтыруға. Оқиға орнында осы тармақпен көзделген құжаттарды толтыру мүмкіндігі болмаған жағдайда, оқиға мән-жайларының егжей-тегжейлі сипаттамасы бар Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы арызды оқиға болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға ұсыну талап етіледі. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы арыз Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, дәлелді мән-жайлардың бар екенін дәлелдейтін құжаттарды ұсыну қажет.
 - 4) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы кез келген қолжетімді тәсілмен тиісті уәкілетті органдарға дереу хабарлауға. Осы тармақта көзделген міндеттемені орындамаған жағдайда, Сақтанушы осы міндеттемені орындауға кедергі келтіретін мән-жайлардың бар екендігі туралы құжаттамалық дәлелдемелерді ұсынуға міндетті;
 - 5) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы маманының және/немесе Сақтандырушымен келісілген бағалаушының қарап-тексеруі үшін КҚ-ын ұсынуға;
 - 6) Пайда алушы, бұны Сақтанушы жасады ма, жоқ па тәуелсіз, барлық жағдайларда Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға құқылы. Егер Сақтанушы Пайда алушы болып табылмаса, ықтимал залалдарды алдын алу немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ықтимал және мақсатқа сай шараларды, соның ішінде сақтандырылған КҚ сақтап қалуға және сақтауға бағытталған шараларды қабылдау міндеті сондай-ақ Пайда алушыға жүктеледі;
 - 7) Сақтандырушы өтеуге жататын шығыстардың туындауына себеп болған барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға және сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін қажетті барлық қолда бар құжаттар мен материалдарды ұсынуға.
- 8.2 3 Секция бойынша сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде:

- 1) Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде дереу 24 сағаттың ішінде кез келген қолжетімді тәсілмен құзыретті уәкілетті органдарға хабарлауға, және 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға міндетті. Егер сақтандыру жағдайы Сақтандырылушының қайтыс болуы болған жағдайда, онда хабарлама беру мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күнде анықталады.
- 2) Сақтанушының/Сақтандырылушының денсаулық жағдайына байланысты немесе кейіннен құзыретті органдардың тиісті құжаттарымен расталған және Сақтандырушы дәлелді деп таныған басқа да себептер бойынша Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы дереу хабарлау мүмкін болмаған жағдайда, сақтандыру жағдайы туралы тиісті дәрежеде хабарланған болып саналады.

IX. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1 Сақтандырушы құқылы:

- 1) Сақтанушымен ұсынылған ақпаратты, сонымен қатар Шарт/Полис талаптарының орындалуын тексеру;
- 2) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу фактісін куәландыратын, сонымен қатар залал мөлшерін растайтын құжаттарды талап ету;
- 3) қажеттілігіне қарай, сақтандыру жағдайының басталу фактісін, себептерін, мән-жайларын және келтірілген залал мөлшерін растайтын тиісті құжаттар мен ақпаратты ұсыну туралы құзыретті органдарға сұратулар жіберу. Егер құзыретті органдарда Сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға негіз болатын материалдар бар болса, онда Сақтандырушы құзыретті органдардан ресми жауаптар және растайтын мәліметтер алғанға дейін төлемді кейінге қалдыру;
- 4) зақымдалған КҚ мен қосымша жабдықты қарап-тексеру немесе зерттеу, сондай-ақ залалдың себептері мен мөлшерін анықтау бойынша өзге де әрекеттерді жүзеге асыру;
- 5) зақымдалған және ауыстыруға жататын түпнұсқа бөлшектердің құнын, сондай-ақ жөндеу жұмыстарының құнын анықтау тұрғысынан нарық мониторингін жүргізу, және Сақтанушыға балама шешім ұсыну;
- 6) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту, Сақтандыру шартына/Сақтандыру полисіне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілетті органдардың деректері мен құжаттары негізінде төлемді кейінге қалдыру;
- 7) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және осы Бағдарламаның X Тарауында баяндалған залалдың мөлшерін растайтын құжаттар Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтініш берілген кезден бастап 90 күнтізбелік күн өткен соң ұсынылмаған жағдайда, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту;
- 8) ЖКО тәуекелі бойынша сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде, КҚ басқарған тұлғаны уәкілетті медициналық ұйымға медициналық куәландырудан өтуге жіберу;
- 9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасау.

9.2 Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан Шарттың/Полистің, Бағдарламаның және Сақтандыру ережелерінің талаптарын түсіндіруді талап ету;
- 2) Шартпен/Полиспен көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;
- 3) Сақтандырушымен келісім бойынша Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің талаптарын өзгертуге;
- 4) Бағдарлама, Сақтандыру ережелері және Сақтандыру шартына сәйкес Сақтандыру шартын /Сақтандыру полисін мерзімінен бұрын бұзу;
- 5) Сақтандыру шарты/Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда жазбаша арыз негізінде оның телнұсқасын алу;
- 6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасау.

9.3 Сақтандырушы міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізу;
- 2) Сақтанушыны Ережелермен/Бағдарламамен (оның талап етуі бойынша Ережелерді/Бағдарламаның көшірмесін ұсыну/жіберу) және Сақтандыру шартының талаптарымен таныстыру (бұдан басқа, Сақтанушы Сақтандырушының интернет-ресурсында Сақтандыру ережелерімен/Бағдарламасымен өз бетінше таныса алады);
- 3) сақтандыру құпиясын және Қазақстан Республикасының заңнамасымен сақталатын өзге де құпияны қамтамасыз ету;

- 4) Сақтанушы/Пайда алушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы Сақтандырушының шешім қабылдауы үшін қажетті құжаттар топтамасын ұсынбаған жағдайда, соңғы құжат қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтанушыны/Пайда алушыны жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар ету;
- 5) сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе Сақтанушыға Сақтандыру шартының/Сақтандыру полисінің талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырудан жазбаша дәлелді бас тартуды жіберу;
- 6) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтініш берілген сәттен бастап күнтізбелік 60 күн өткеннен кейін, Сақтанушыға/Пайда алушыға құжаттарды Сақтандырушыға беру қажеттігі туралы еске сала отырып, электрондық мекен-жайға (немесе өтініште көрсетілген мекенжай бойынша қолма-қол) хат жолдау әдісімен тиісінше хабардар ету;
- 7) Сақтандыру шартында, Сақтандыру ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасау.

9.4 Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандырушының интернет-ресурсында орналастырылған Сақтандыру ережелерімен /Бағдарламасымен танысу;
- 2) сақтандыру сыйлықақысын дер кезінде төлеу;
- 3) Сақтандыру шартын/Сақтандыру полисін жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін маңызы бар өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы, сондай-ақ осы сақтандыру объектісіне қатысты қолданыстағы немесе жасалатын барлық сақтандыру шарттары туралы хабарлау;
- 4) егер Сақтандыру шартында/Сақтандыру полисінде сақтандыру төлемінің нұсқасы «Сақтандыру компаниясының таңдауы бойынша ТҚКС» болып табылса, белгілі бір ТҚКС-да Сақтандырушының жолдамасы бойынша КҚ жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру;
- 5) егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген талап қоюдың ескіру мерзімдері ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және Сақтандыру шарты/Полисін бойынша Сақтанушыны немесе Пайда алушыны сақтандыру төлемін алу құқығынан толық немесе ішінара айыратын мән-жай анықталса, алынған сақтандыру төлемін Сақтандырушыға толық көлемде немесе ішінара бір ай ішінде қайтару;
- 6) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ келтірілген залалды дәлелдеу ауыртпалығын көтеру;
- 7) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға басталған кезде, КҚ-ын аталған оқиға басталғаннан кейін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына шот келісілген сәтке дейін қалған күйінде сақтау;
- 8) егер бұл өзгерістер Сақтандыру шартының/Полисін қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандыру шартын/полисін жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлау;
- 9) Сақтандыру шартында, Сақтандыру ережелерінде және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасау.

X. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

- 10.1 Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуын, келтірілген зиянның мөлшерін дәлелдеу үшін, Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынады:
 - 1) Сақтанушының сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуы туралы жазбаша өтінішін;
 - 2) Сақтанушының және/немесе Пайда алушының жеке куәлігінің (паспортының) көшірмесін, сақтандыру жағдайы басталған кезде КҚ басқарған тұлғаның жүргізуші куәлігінің көшірмесін;
 - 3) меншік иесінің атынан КҚ-ын иелену, пайдалану және/немесе оған билік ету құқығын растайтын басқаруға сенімхаттың немесе өзге де құжаттың көшірмесін;
 - 4) Сақтандыру шартының/Полисін көшірмесін;
 - 5) Пайда алушының зиян келтірілген мүлкінен мүддесін растайтын құжаттар;
 - 6) КҚ тіркеу туралы куәліктің көшірмесін;
 - 7) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуын дәлелдеу үшін – уәкілетті органмен куәландырылған құжаттар: ЖКО туралы хаттама көшірмесі, хаттамаға және ЖКО сызбасына толықтыру; оқиға орнын қарап-тексеру, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулының көшірмелері, ЖКО қатысушыларының медициналық куәландыру анықтамалары (қажет болған жағдайда осы Бағдарламаның 8.1-тармағының 2-тармақшасының талаптарын сақтай отырып), ЖКО

қатысушыларының әкімшілік полиция комитетіне берген түсіндірме құжаттары, сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғаны тергеуді, сыныптауды және есепке алуды жүзеге асыратын әкімшілік полиция және құқық қорғау органдары (тергеу және т. б.) өкілдерімен жасалған, немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын өзге де құжаттар;

8) келтірілген залалдар мөлшерін дәлелдеу үшін:

- тәуелсіз сараптама ұйымдарының қорытындылары және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын өзге де құжаттар, Сақтандырушы мамандарының және/немесе Сақтандырушымен келісілген мамандардың келтірілген залалдың мөлшері туралы қорытындылары;
- сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған есептелген КҚ амортизациясын (тозуын) шегергендегі зақымдалған КҚ қалпына келтіру құнын есептеу негізінде Сақтандырушы жасаған залалды есептеу (калькуляция).

9) Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) КҚ сақтауға, сақтандыру жағдайының басталуына және келтірілген залалдардың мөлшеріне қызығушылығын растайтын өзге де дәлелдемелерді ұсынуға құқылы.

10) Сақтандырушы жекелеген жағдайларда құзыретті және өзге де мемлекеттік органдарда Сақтанушының мүдделерін білдіру құқығына сенімхат сұратуға құқылы.

10.2 3 Секция бойынша сақтандыру жағдайының басталуын және залал мөлшерін растайтын құжаттар тізімі:

10.2.1 Қайтыс болған кезде:

- 1) Сақтандырылушының қайтыс болуы туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 2) мұрагерлікке құқық туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі; кәмелетке толмаған мұрагерлер үшін олардың заң бойынша өкілі сақтандыру төлемін алғаны туралы қорғаншылық және қамқоршылық органының/жергілікті атқарушы органның келісімінің немесе сенімхаттың түпнұсқасы;

10.2.2 мүгедектік белгіленген кезде:

- 1) еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі мен мерзімін белгілеу туралы МӘСК (медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы) қорытындысының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 2) уәкілетті тұлғамен куәландырылған және тиісті медициналық мекеменің мөрімен бекітілген амбулаториялық картаның, ауру тарихының немесе көрсетілген құжаттардан үзінді көшірмелердің түпнұсқасы;
- 3) сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдармен (комиссиялармен) жасалған, немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттар.

10.2.3 жарақаттық зақымданулар кезінде:

- 1) Сақтанушының/Сақтандырылушының тегін, атын, әкесінің атын; медициналық көмекке жүгіну күнін; алдын ала және қорытынды диагнозын; емдеу ұзақтығын; жүргізілген диагностикалық, зертханалық және емдеу іс-шараларының тізімін; сақтандыру жағдайының басталуының ықтимал немесе анықталған себептерін (аурудың анамнезін) көрсете отырып, медициналық мекемеден алынған қорытындылардың түпнұсқалары.

10.3 Егер ұсынылған құжаттар мен мәліметтерде сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін, оның ішінде сақтандыру шарты/полисі бойынша өтелуге жататын зиянның мөлшерін айқындау, зиян келтіруге әкеп соққан сақтандыру оқиғасының сипатын, себептері мен мән-жайларын анықтау, Сақтандырушының зиян келтірген тұлғаға (зиян келтіруге жауапты) талап ету құқығын іске асыруы үшін қажетті ақпарат қамтылмаған жағдайда, сондай-ақ қарама-қайшы ақпаратты қамтитын болса, Сақтандырушы Сақтанушыға/Пайда алушыға сақтандыру төлемі/сақтандыру төлемінен бас тарту туралы негізделген шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты сұрату себептерін түсіндіре отырып, дәлелді хат жіберу арқылы қосымша ақпаратты сұрауға құқылы.

XI. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

11.1 1 Секция бойынша:

- 1) Сақтандыру төлемі Пайда алушыға Сақтандыру шартында/Полисінде белгіленген сақтандыру сомасы шегінде нақты залал мөлшерінде жүзеге асырылады.
- 2) Егер Шарт/Полис бойынша сақтандыру төлемінің нұсқасы Сақтандыру компаниясының таңдауы бойынша ТҚКС болып табылса, онда сақтандыру төлемі Сақтандыру компаниясының таңдауы бойынша ТҚКС шотының негізінде жүзеге асырылады, бірақ Шартта/Полисте көрсетілген сақтандыру сомасынан аспайды.

Егер ТҚКС шоты бойынша сома Шарт/Полис бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінен асқан жағдайда – айырманы Сақтанушы төлейді.

- 3) Барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды және сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе Сақтанушыға 7 (жеті) жұмыс күннің ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы жазбаша дәлелді бас тарту жібереді.
- 4) Сақтандырушының талабы бойынша КҚ ауыстырылатын қосалқы бөлшектерінің құны мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының салдарынан зақымдалған КҚ қосалқы бөлшектерін беруге міндетті.
- 5) Егер сақтандыру жағдайы туындаған кезде КҚ жүргізушісі ауырып қалса немесе күшінің физикалық кемуі бар болса, бұл құзыретті органмен ресми түрде расталса, және соның нәтижесінде реакцияның төмендеу, есінің жоғалуы, рульде ұйықтап қалу және т.б. орын алса, сонымен қатар жүргізушінің қауіпсіз қозғалуға жағымсыз әсер етуге қабілетті дәрілік препараттарды қабылдауы расталған кезде, сақтандыру төлемі 10%-ға азайтылады.
- 6) Автомобиль шиналары мен дөңгелек дискілерінің зақымдануы немесе толық жойылуы КҚ пайдалану кезінде болған сақтандыру жағдайы нәтижесінде КҚ-на басқа да залал келтірілген кезде ғана өтеледі.

11.2 2 Секция бойынша:

- 1) Сақтандыру төлемі нақты залал мөлшерінде, бірақ сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.
- 2) Сақтандырушы Бағдарламаның, Ережелердің және Шарттың/Полистің талаптарына сәйкес, барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан жазбаша дәлелді бас тартуды жібереді.
- 3) Сақтандыру төлемі жүргізілген төлем мен келтірілген зиянның нақты мөлшері арасындағы айырма мөлшерінде Жәбірленушіге келтірілген зиянды өтеу үшін «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 01.07.2003 ж. № 446-ІІ Заңында көзделген сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған кезде жүзеге асырылады.
- 4) Жәбірленушілердің мүлкіне келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған Жәбірленушілер мүлкінің есептелген амортизациясын (тозуын) шегергендегі Жәбірленушілердің бүлінген мүлкін қалпына келтіру құнын есептеуді негізге ала отырып, сараптама жұмыстарын жүргізуге тиісті лицензиясы бар тәуелсіз сарапшымен және/немесе Сақтандырушымен келісілген бағалаушымен және/немесе сюрвейермен, лосс-аджастермен жүргізілген сараптама актісі негізінде жүзеге асырылады.
- 5) Егер зиян бірнеше Жәбірленушіге келтірілсе және залалдың жалпы мөлшері сақтандыру сомасынан асып кетсе, онда әрбір Жәбірленушіге сақтандыру төлемі оған келтірілген залал мөлшерінің барлық Жәбірленушілерге келтірілген залалдың жалпы мөлшеріне қатынасына пропорционалды түрде сақтандыру сомасы шегінде төленеді. Бірінші кезекте Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі жүргізіледі.
- 6) келтірілген зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған кезде Сақтанушы Жәбірленушіге шекті жауапкершілік сомасы мен зиянның нақты мөлшері арасындағы айырманы өтейді.

11.3 3 Секция бойынша:

11.3.1 Сақтандыру төлемі келесі мөлшерде жүзеге асырылады (бір Сақтандырылушыға сақтандыру сомасынан пайызбен):

- 1) қайтыс болған кезде: бір отыратын орынға сақтандыру сомасынан 100%;
- 2) 1-топтағы мүгедектік белгіленген кезде: жарақаттық зақымданулар бойынша төлемді шегергенде (бар болса), бір отыратын орынға сақтандыру сомасының 80%-ы;
- 3) 2-топтағы мүгедектік белгіленген кезде: жарақаттық зақымданулар бойынша төлемді шегергенде (бар болса), бір отыратын орынға сақтандыру сомасының 60%-ы;
- 4) 3-топтағы мүгедектік белгіленген кезде: жарақаттық зақымданулар бойынша төлемді шегергенде (бар болса), бір отыратын орынға сақтандыру сомасының 40%-ы;
- 5) баланың мүгедектігі («мүгедек-бала»): жарақаттық зақымданулар бойынша төлемді шегергенде (бар болса), бір отыратын орынға сақтандыру сомасының 80%-ы.
- 6) жарақаттық зақымданулар кезінде – Жарақаттар Кестесіне сәйкес Сақтандыру төлемдерінің мөлшерлеріне сәйкес (Жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру ережелеріне №1 Қосымша).

- 7) Біріктірілген/көптеген жарақаттардың нәтижесінде, төлем Жарақаттар кестесінің (Жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру ережелеріне №1 Қосымша) сақтандыру төлемінің барынша үлкен пайызын қарастыратын тармақтарының бірі бойынша ғана жүргізіледі.
- 11.4 Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Сақтанушы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және шарттарда сақтандыру омбудсманы дауды реттеу тәртібін сақтаған жағдайда сотқа шағым жасай алады.

XII. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН/ПОЛИСІН ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ

САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ. САҚТАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ҚОРҒАУДЫ ТОҚТАТУ

- 12.1 Сақтандыру полисінің шарттарындағы кез келген өзгерістер ескі полисті бұзу және жаңа сақтандыру полисін жасасу арқылы ресімделеді.
- 12.2 Ережелермен, Бағдарламамен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген міндеттемелерді тоқтатудың өзге негіздерінен басқа, Сақтандыру шарты/Полисі мынадай жағдайларда тоқтатылады:
- 1) оның қолданылу мерзімінің аяқталуы;
 - 2) Сақтандыру шарты/Полисін жарамсыз деп тану туралы сот шешімінің қабылдануы;
 - 3) Тараптардың бірінің талар етуі бойынша;
 - 4) Сақтандырушының Шарттың/полистің қолданылу кезеңінде басталған бірінші сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруы;
 - 5) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген басқа да жағдайларда.
- 12.3 Осы Бағдарламаның 12.3.1 тармақшасында сипатталған жағдайларды қоспағанда, Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандыру шарты/Полисі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қолданыстағы редакциясында көзделген талаптар бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтандырушы Сақтанушыға келесі формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады:

$$(100\% - 30\%) * \left(TCC - \frac{CC * i}{N} \right), \text{ бұл жерде:}$$

- 30% – Сақтанушының іс жүргізуге жұмсаған шығындары;
- TCC – Сақтандыру шарты/Полисі бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы;
- CC – Сақтандыру шарты/Полисі бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы;
- I – Қолданылған күндер саны;
- N – Сақтандыру шартының/Полисінің қолданылу мерзімі (күндерде).

- 12.3.1 Сақтандыру шарты/Полисі сақтанушы – жеке тұлғаның талабы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, ол Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қолданыстағы редакциясымен көзделген шарттар бойынша жасалған күннен бастап он төрт күнтізбелік күн ішінде, Сақтандырушы Сақтанушыға келесі формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады:

$$(100\% - 10\%) * \left(TCC - \frac{CC * i}{N} \right), \text{ бұл жерде:}$$

- 10% – Сақтандырушының іс жүргізуге жұмсаған шығындары;
- TCC – Сақтандыру шарты/Полисі бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы;
- CC – Сақтандыру шарты/Полисі бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы;
- I – Қолданылған күндер саны;
- N – Сақтандыру шартының/Полисінің қолданылу мерзімі (күндерде).

- 12.4 Сақтанушы шарттан/полистен бас тартқан кезде (ҚР АҚ 841-бабының 2-тармағы), егер бұл ҚР АҚ 841-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінде, ҚР АҚ 842-бабы 2-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген жағдайларға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

XIII. КЕРІ ТАЛАП ЕТУ ҚҰҚЫҒЫ

- 13.1 Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде Сақтанушының/Пайда алушының сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығы өтеді. Сақтанушы/Пайда алушы сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған Сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
- 13.2 Егер Сақтанушы/Пайда алушы Сақтандырушымен өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің

талап ету құқығынан бас тартса немесе бұл құқықты жүзеге асыру Сақтанушының/Пайда алушының кінәсінен мүмкін болмаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толығымен немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

XIV. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 14.1 Осы Бағдарламамен реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.
- 14.2 Шартты/Полисті іске асыру процесінде туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді тараптар келіссөздер жолымен шешеді. Егер келіссөздер нәтижелер әкелмесе, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте Сақтандырушының орналасқан жері бойынша шарттық соттылыққа сәйкес шешіледі.

XV. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 15.1 Сақтандыру сыйлықақысының, сақтандыру сомасының және сақтандыру төлемінің валюта түрі – теңге.
- 15.2 Сақтандыру шартының/Полисінің мазмұны мен шарттары коммерциялық құпия болып табылады. Тараптар қатаң құпиялылықты сақтауға міндетті және бұны Қазақстан Республикасының заңнамасы талап ететін жағдайларды қоспағанда, Сақтандыру шартының/Полисінің ережелерін, мазмұны мен шарттарын, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына, жариялауға құқығы жоқ.
- 15.3 Егер Сақтандыру шартына тиісті қосымша келісім ресімдеу жолымен Тараптар өзгеше ескермесе, құқықтар мен міндеттердің басқа тұлғаларға ауысуына жол берілмейді.
- 15.4 Сақтандыру шартын/Полисін орындау бойынша немесе соған байланысты тараптар бір-біріне жіберген барлық қосымшалар, хабарлар, хабарламалар, хабарландырулар жазбаша нысанда орындалуы тиіс және егер олар Сақтандыру шартында/Полисінде көрсетілген мекен-жайлар бойынша жөнелтуді/алудан тіркеуді қамтамасыз ететін тәсілмен жіберілсе, тиісті нысанда берілген болып есептеледі.
- 15.5 Осы Бағдарламамен көзделмеген барлық нәрсе Сақтандыру қағидаларына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.
- 15.6 Сақтандыру шартына/Полисіне қол қою арқылы Сақтанушы Бағдарламаның ережелерімен және Сақтандыру қағидаларымен өзінің келісімін растайды. Келіспеушіліктер туындаған жағдайда Сақтанушының Бағдарламаны және Сақтандыру қағидаларын білмегеніне немесе ұсынылмағанына сілтеме жасауға құқығы жоқ.
- 15.7 Сақтандыру шартына/Полисіне қол қою арқылы Сақтанушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтай отырып, Сақтандыру шартын/Полисін жасасқанға дейін және оның сәтінде ұсынылған дербес деректерді өндеуге, пайдалануға және сақтауға өзінің келісімін береді.